



Павлодар облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 417/35 шешімі.
Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 қарашада № 6602 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман Кодексінің 14-бабы 2)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің (Салық кодексі) 587-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2018 жылғы 13 қыркүйектегі "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін есептеудің әдістемелік нұсқауларын бекіту туралы" № 383 бұйрығына сәйкес Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Павлодар облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихатының экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,
облыстық мәслихаттың хатшысы
"КЕЛІСІЛДІ"*

Б. Бексейітова

*"Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрлігі
Орман шаруашылығы
және жануарлар дүниесі
комитетінің Павлодар облыстық
орман шаруашылығы
және жануарлар дүниесі
аумақтық инспекциясы" республикалық
мемлекеттік мекемесі басшысы
2019 жылғы "25" қыркүйек*

Н. Т. Жүнісов

Павлодар облыстық
 мәслихатының 2019
 жылғы 08 қарашадағы
 № 417/35 шешімімен
 бекітілген

**Павлодар облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде
 орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері**

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Бірлік үшін төлемақы мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш - АЕК)
Мемлекеттік орман қоры учаскелерін қысқа мерзімді орман пайдалану			
1	Шабынды пайдаланатын жерлер	1 гектар	0,557
2	Мал жаю		
	Ірі мал (ірі қара мал, жылқы)	1 бас	0,347
	Ұсақ мал (қой)	1 бас	0,087
	Ұсақ мал (ешкі)	1 бас	0,303
	Ірі қара мал төлі	1 бас	0,173
3	Ара ұялары мен омарталардың орналасуы	1 ара ұясы	0,619
4	Екінші дәрежелі ағаш ресурстарын дайындау		
	Қайың бұтақтары	1 килограмм	0,023
5	Ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттарда	болған әрбір күн үшін	0,1
Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ұзақ мерзімді орман пайдалану			
1	Ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттарда	1 гектар	0,309
2	Тарихи-мәдени, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарда	1 гектар	0,878